$$P_{пер} = \frac{U^2 \gamma_{20} \left[+\alpha_n (t_n - 20) \right]}{\theta} \left\{ \begin{aligned} & \left[\left(b_2 + r_2 \frac{\theta}{2} \operatorname{tg} 30^\circ \right) \left[\ln \frac{r_1}{r} - \frac{U^2 \gamma_{20} \alpha \tau}{2c\sigma\theta^2} \left(\frac{1}{r_1^2} - \frac{1}{r^2} \right) - \frac{U^2 \gamma_{20} \alpha \tau^2}{8c^2 \sigma^2 \theta^4} \left(\frac{1}{r_1^4} - \frac{1}{r^4} \right) \right] \right. \\ & \left. - \frac{\theta}{2} \operatorname{tg} 30^\circ \left[\left(r_1 - r_2 \right) \frac{U^2 \gamma_{20} \alpha \tau}{c\sigma\theta^2} \left(\frac{1}{r} - \frac{1}{r_1} \right) - \frac{U^2 \gamma_{20} \alpha \tau^2}{6c^2 \sigma^2 \theta^4} \left(\frac{1}{r^3} - \frac{1}{r_1^3} \right) \right] \right] \end{aligned} \right\} \quad (9)$$

Рассмотрим электротепловые процессы, происходящие во второй зоне в начальном этапе парообразования. В этой зоне, находящейся между верхней граничной линией с радиусом r_2 и нижней граничной линией с радиусом $r_{1,2}$, электрическая мощность P_{n2} расходуется на выработку пара в количестве Π кг/с: $P_{n2} = \Pi v$.

Составим уравнения теплового баланса:

$$U^2 \gamma_{нс} \left\{ \frac{b_2}{\theta} \ln \frac{r_{1,2}}{r_2} - \frac{\operatorname{tg} 30^\circ}{2} \left[\left(r_{1,2} - r_2 \right) \frac{r_{1,2}}{r_2} \right] + \frac{1}{2 \operatorname{tg} 60^\circ} \left(r_{1,2} - r_2 \right) \cos \frac{\theta}{2} \right\} = \Pi v \quad (10)$$

Решив (10), находим $r_{1,2}$:

$$r_{1,2} = r_2 e^{\frac{\Pi v}{U^2 \gamma_{нс} \left(\frac{b_2 + r_2 \operatorname{tg} 30^\circ}{\theta} \right)}} = \frac{U \gamma_{нс}}{j_{онм.мин} \theta} e^{\frac{\Pi v}{U^2 \gamma_{нс} \left(\frac{b_2 + \frac{U \gamma_{нс}}{j_{онм.мин}} \operatorname{tg} 30^\circ}{\theta} \right)}} \quad (11)$$

Рассмотрим электротепловые процессы, происходящие в первой зоне в начальном этапе парообразования. В этой зоне, находящейся между верхней граничной линией с радиусом $r_{1,2}$ и нижней граничной линией с радиусом r_1 , электрическая мощность расходуется на нагрев движущейся воды в количестве Π кг/с.

Запишем уравнение теплового баланса:

$$dP_{н1} = \frac{cdm}{d\tau} = c\Pi dt \quad (12)$$

или

$$U^2 \gamma_{20} \left[+\alpha_n (t - 20) \right] \left\{ \frac{\left[\left(b_2 - \left(r_2 - \frac{\theta}{2} \operatorname{tg} 30^\circ \right) \right) \right]}{r\theta} + \frac{1}{2 \operatorname{tg} 60^\circ} \cos \frac{\theta}{2} \right\} dr = c\Pi dt \quad (13)$$

После разделения переменных в (13) и интегрирования, получим:

$$t = \frac{1}{\alpha_n} \left\{ \left[+ \alpha_n (t_n - 20) \left(\frac{r}{r_{1,2}} \right)^{\frac{U^2 \gamma_{20} \alpha_n}{c\Pi} \left(\frac{b_2 + r_2}{2} \frac{\theta}{\theta} \operatorname{tg} 30^\circ \right)} - 1 \right] + 20 \right\} \quad (14)$$

Если $t = t_\kappa$ принять, то из (14) можно найти r_1 :

$$r_1 = r_{1,2} \left(\frac{1 + \alpha_n (t_\kappa - 20)}{1 + \alpha_n (t_n - 20)} \right)^{\frac{c\Pi}{U^2 \gamma_{20} \alpha_n \left(\frac{b_2 + r_2}{2} \frac{\theta}{\theta} \operatorname{tg} 30^\circ \right)}} \quad (15)$$

Мощность, расходуемая на нагрев воды в первой зоне до температуры t_κ кипения, определяем по выражению:

$$P_{n1} = c\Pi (t_\kappa - t_n) = c\Pi \left(\frac{1}{\alpha_n} \left\{ \left[+ \alpha_n (t_n - 20) \left(\frac{r_1}{r_{1,2}} \right)^{\frac{U^2 \gamma_{20} \alpha_n}{c\Pi} \left(\frac{b_2 + r_2}{2} \frac{\theta}{\theta} \operatorname{tg} 30^\circ \right)} - 1 \right] + 20 - t_n \right\} \right) \quad (16)$$

Стабилизация мощности парогенератора с углообразными электродами при изменении соленосодержания котловой воды осуществляется соответствующим понижением уровня нагреваемой среды. При этом границы зон нагрева смещаются в сторону нижних участков с более длинным межэлектродным расстоянием.

Оптимальное значение угла θ , при котором плотность тока находится в пределах оптимального диапазона, определяется по формуле:

$$\theta = \theta_{opt} = \frac{U^2 \left(b_2 + \frac{U \gamma_{не}}{j_{opt.мин}} \frac{\operatorname{tg} 30^\circ}{2} \right) \ln \frac{j_{opt.мин} \gamma'_{не}}{j_{opt.макс} \gamma_{не}}}{\Pi \left[\frac{\nu}{\gamma_{не}} \left(1 - \frac{\gamma_{не}}{\gamma'_{не}} \right) + \frac{c}{\alpha \gamma_{20}} \left(1 - \frac{\gamma_{20}}{\gamma'_{20}} \right) \ln \frac{1 + \alpha_n (t - 20)}{1 + \alpha_n (t_n - 20)} \right]} \quad (17)$$

На основании результатов проведенных теоретических исследований разработана методика расчета Λ -образной трехфазной электродной системы парогенератора с углообразными электродами.

а) Задаются исходными данными: паропроизводительностью (Π), приходящуюся на одну фазу, фазным напряжением (U), начальной (номинальной) γ_{20} и максимально допустимой γ'_{20} удельными проводимостями котловой воды, начальной температурой (t_n) и температурой (t_κ) кипения котловой воды при заданном давлении, шириной b_2 верхнего торца крыла электрода по конструктивным соображениям, минимальным и максимальным значениями ($j_{opt.мин}$ и $j_{opt.макс}$ соответственно) оптимальной плотности тока. По справочной литературе определяют удельную теплоемкость (c) воды, удельную теплоту парообразования (ν) и температурный коэффициент (α_n) котловой воды при заданном давлении. Вычисляют удельные проводимости ($\gamma_{не}$, $\gamma'_{не}$) пароводяной смеси через γ_{20} и γ'_{20} по следующим формулам:

$$\gamma_{нс} = \frac{\gamma_{20} [1 + a_n (t_k - 20)]}{\xi e^{k j_{опт.мин}}}, \quad (18)$$

$$\gamma'_{нс} = \frac{\gamma'_{20} [1 + a_n (t_k - 20)]}{\xi e^{k j_{опт.макс}}}, \quad (19)$$

где t_k – температура кипения воды при данном давлении; ξ - постоянная, равная для воды 0,925; e - основание натуральных логарифмов; k - коэффициент, зависящий от давления пара в котле; $j_{опт.мин}$, $j_{опт.макс}$ – минимальное и максимальное значения плотности тока на электродах, А/см²;

б) Определяют оптимальное значение ($\theta_{опт}$) угла θ по формуле (17);

в) Находят r_2 по формуле:

$$r_2 = \frac{U \gamma_{нс}}{j_{опт.мин} \theta_{опт}} \quad (20)$$

г) $r_{1,2}$ и r_1 определяем по формулам (11) и (15) соответственно, приняв $\theta = \theta_{опт}$;

д) Вычисляют мощность $P_{пер}$ установки в переходном режиме по формуле (9) и продолжительность τ переходного режима по выражению (6);

е) Определяют мощность $P_{нач.эт}$ установки в начальном этапе парообразования как сумма мощностей P_{n2} и P_{n1} , которых вычисляют по формулам (10) и (16);

ж) Находят значения $r'_2, r'_{1,2}$ по формулам:


$$r'_{1,2} = \frac{U \gamma_{нс}}{j_{опт.мин} \theta} e^{\frac{\Pi v}{U^2 \gamma_{нс} \left(\frac{b_2 + \frac{U \gamma_{нс}}{j_{опт.мин} \theta} \operatorname{tg} 30^\circ}{2} \right)}} \left[\frac{1 + \alpha_n (t - 20)}{1 + \alpha_n (t_n - 20)} \right]^{\frac{c \Pi}{U^2 \gamma_{20} \alpha_n \left(\frac{b_2 + \frac{U \gamma_{нс}}{j_{опт.мин} \theta} \operatorname{tg} 30^\circ}{2} \right)}} \left(\frac{\gamma'_{20} - \gamma_{20}}{\gamma'_{20}} \right) \quad (21)$$

$$r'_2 = r'_{1,2} \left(\frac{r_2}{r_{1,2}} \right)^{\frac{\gamma_{нс}}{\gamma'_{нс}}} \quad (22)$$

з) Определяют плотность тока j на участке с радиусом r'_2 , которая не должна превышать $j_{опт.макс}$.

Представленная на рисунке 2 электродная система выполнена из шести электродов, изогнутых под углом 60°. Она имеет ряд преимуществ перед электродной системой с тремя электродами, изогнутыми под углом 120°, которые заключаются в следующем:

- она имеет большую рабочую поверхность нагрева;
- возможность ступенчатого регулирования мощности установки;



1 – электрод; 2 – электроизоляционный слой; 3- корпус.

Рисунок 2 – Трехфазная электродная система с шестью углообразными электродами

-возможность работы в широком диапазоне удельной проводимости котловой воды;

- значительное снижение напряженности электрического поля в центральной зоне.

Закономерность изменения b в случае электродов, изогнутых под углом 60° , можно выразить следующим образом:

$$b = b_2 - \left(\frac{l}{2} - \frac{l_2}{2} \right) \operatorname{tg} 60^\circ = b_2 - \left(r - r_2 \right) \sin \frac{\theta}{2} \operatorname{tg} 60^\circ \quad (23)$$

Поскольку в случае рассматриваемой нами электродной системы b и l величины переменные, зависящие от r и θ , то G_ϕ определяется по формуле:

$$G_\phi = G_{\text{мэл}} + G_{\text{к.эф}} = \gamma \left\{ \frac{b_2}{\theta} \ln \frac{r}{r_2} - \frac{\operatorname{tg} 60^\circ}{2} \left[\left(r - r_2 \right) \sin \frac{\theta}{2} \ln \frac{r}{r_2} \right] + \frac{1}{2 \operatorname{tg} 30^\circ} \left(r - r_2 \right) \cos \frac{\theta}{2} \right\} \quad (24)$$

Следует отметить, что в случае электродной системы с шестью углообразными электродами для определения их конструктивных размеров и мощности можно использовать те же формулы, что и для расчета электродной системы с тремя углообразными электродами, но при этом в этих формулах вместо $\operatorname{tg} 60^\circ$ берется $\operatorname{tg} 30^\circ$, а вместо $\operatorname{tg} 30^\circ$ необходимо записать $\operatorname{tg} 60^\circ$.

Выводы

Для улучшения эффективности работы электрических парогенераторов предложены трехфазные электродные системы с переменным межэлектродным расстоянием в качестве нагревательных устройств. Предложенная методика расчета позволяет определить оптимальные параметры рассмотренных трехфазных электродных систем, обеспечивающие нормальное функционирование парогенераторов в широком диапазоне изменения солесодержания (удельной проводимости) котловой воды.

1 Каган Н.Б., Кауфман В.Г., Пронько М.Г., Яневский Г.Д. Электротермическое оборудование для сельскохозяйственного производства. – М.: Энергия, 1980. – 192 с.

2 Кешуов С.А., Алдибеков И.Т. Электродная система с переменным межэлектродным расстоянием для парогенераторов // Проблемы инновационного и конкурентоспособного развития агроинженерной науки на современном этапе: Международная научно-практическая конференция (Алматы, 17-18 апреля 2008г.). В 2-х книгах. Кн.2. – Алматы, 2008. – С. 202-206.

Мақалада электрлік бу генераторларының жұмыс істеу тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз ететін электродаралық қашықтығы өзгермелі үш фазалы электродтық жүйелер қарастырылған. Ұсынылған электродтық жүйелердің оңтайластырылған конструкциялық параметрлерін есептеу формулалары мен әдістемесі келтірілген.

В статье рассматривается трехфазные электродные системы с переменным межэлектродным расстоянием, предложенные для использования в электрических парогенераторах с целью повышения эффективности их работы. Приведены расчетные формулы и методика определения оптимальных конструктивных параметров предложенных электродных систем.

The article deals with three-phase electrode system with a variable distance between electrodes, proposed for use in electric steam generators in order to improve their performance. The formulas and methods of determining the optimal design parameters of the proposed electrode systems.

УДК 621.852.13

КИНЕМАТИКА ЗУБЧАТОГО ДИФФЕРЕНЦИАЛА С ДВУМЯ ВЫХОДНЫМИ ЗВЕНЬЯМИ

KINEMATICS OF GEAR DIFFERENTIAL WITH TWO TARGET LINKS

**Жунисбеков П. Ж., Ундирбаев М. С., Сафаргалиев А. Е.
P. Zh. Zhunisbekov, M. S. Undirbaev, A. E. Safargaliev**

Казахский национальный аграрный университет

Аннотация Основным вопросом при анализе любой передачи является оценка ее кинематических и динамических показателей. К кинематическим показателям передач относятся числа оборотов, угловые и окружные скорости отдельных звеньев, передаточные числа передач.

В рассматриваемой передаче вторая степень свободы заключается в возможном независимом вращении эпициклической шестерни. Рассмотрены закономерности взаимодействия угловых скоростей и моментов звеньев дифференциала, приводящие к его силовой адаптации.

Как известно, двухподвижные механизмы или механизмы с двумя степенями свободы (например, механизм зубчатого дифференциала) служат либо для разложения одного движения на два, либо для сложения двух движений в одно [1,2,3,4].

При разложении движений, силовой поток входного звена с заданными параметрами, то есть с заданным моментом и угловым перемещением (или угловой скоростью) раскладывается на два силовых потока двух выходных звеньев. В каждом выходном силовом потоке момент зависит от перемещения (скорости), то есть имеет место силовая адаптация каждого выходного звена к внешней нагрузке за счет его перемещения.

Всякая дифференциальная передача, в общем случае состоит из отдельных связанных между собой трехзвенных зубчатых механизмов. В этом механизме могут быть два входа и один выход или один вход и два выхода. В первом случае зубчатый дифференциал предназначен для сложения движения входных звеньев, во втором случае – для разделения движения входного звена.

Степень свободы относительно подвижных звеньев рассматриваемых дифференциальных механизмов определяется по формуле П.Л.Чебышева

$$W = 3n - 2p_5 - p_4 \quad (1)$$

где n – число подвижных звеньев, включая сателлиты,
 p_5 и p_4 – число кинематических пар пятого и четвертого класса [2]




Рисунок 1 – Схема зубчатого дифференциального механизма и картина сил действующий на звено

Число подвижных звеньев в механизме $n = 4$, число вращательных пар V класса $p_5 = 4$. Это три пары O_1 , O_3 и O_H , которые входят звенья 1, 3 и Н со стойкой, и пара O_2 , в которую входит водило Н и звено 2. Число пар IV класса $p_4 = 2$. Это входящие в зацепление колеса 1, 2 и 3, 2. Следовательно, по структурной формуле число W степеней подвижности механизма

$$W = 3n - 2p_5 - p_4 = 3 \cdot 4 - 2 \cdot 4 - 2 = 2$$

Таким образом, для определение движения механизма он должен иметь заданными законы движения двух звеньев, т.е. иметь две обобщенные координаты.

Силовая адаптация зубчатого дифференциала состоит в автоматическом приведении в соответствие внешних моментов, изменяющимся моментам сопротивления за счет изменения их угловых скоростей при постоянных параметрах мощности входного звена [2].

Рассмотрим закономерности взаимодействия угловых скоростей и моментов звеньев дифференциала, приводящие к его силовой адаптации.

Кинематика зубчатого дифференциала (рисунок 1) определяется формулой, связывающей угловые скорости водила H , ω_H и центральных колес 1 и 3 – ω_1 и ω_3 в обратном движении при неподвижном водиле H

$$\frac{\omega_1 - \omega_H}{\omega_3 - \omega_H} = u_{13}^H, \quad (2)$$

где u_{13}^H - передаточное отношение от колеса 1 к колесу 3 при неподвижном водиле H .

$$u_{13}^H = -\frac{z_3}{z_1}$$

где z_1, z_3 – числа зубьев 1 и 3.

Уравнение кинематики (2) связывает три независимых параметра угловой скорости ω_H, ω_1 и ω_3 при известном передаточном отношении u_{13}^H . Задание двух параметров угловой скорости приводит к определению третьего параметра.

Для двухподвижного зубчатого дифференциального механизма (рисунок 1) с внешними моментами M_H, M_1, M_3 на звеньях $H, 1, 3$ условие равновесия по принципу возможных перемещений с учетом фактора времени принимает вид:

$$M_H \omega_H + M_1 \omega_1 + M_3 \omega_3 = 0. \quad (3)$$

Формула (3) в общем случае не позволяет отделить моменты от угловых скоростей.

При этом отдельная от моментов связь, между угловыми скоростями звеньев существует:

$$\omega_H = \omega_H^0, \omega_1, \omega_3. \quad (4)$$

Для двухподвижного механизма два уравнения (3) и (4) связывают шесть параметров мощности ($M_H, \omega_H, M_1, \omega_1, M_3, \omega_3$). Четыре параметра, являются независимыми или задаваемыми. Это две угловые скорости и два момента, или одна угловая скорость и три момента. При этом, однозначное соответствие моментов (или угловых скоростей) отсутствует, то есть задание только моментов (или только угловых скоростей) не позволяет определить остальные параметры. Таким образом, в двухподвижном механизме определимость параметров мощности имеет место только при моментах, зависящих от угловых скоростей (заданными должны быть моменты и угловые скорости) [1,2,4].

Кроме того, из условия статического равновесия моментов имеем

$$M_H + M_1 + M_3 = 0 \quad (5)$$

откуда момент на ведомом вале

$$M_H = -(M_1 + M_3)$$

Поставляя значение M_H в равенство (3), получим

$$M_1 \omega_1 + M_3 \omega_3 = -(M_1 + M_3) \omega_H$$

или

$$\frac{M_3}{M_1} = -\frac{\omega_1 - \omega_H}{\omega_3 - \omega_H} = -\frac{\omega_1}{\omega_3} \Big|_{\omega_H = 0} = -u_{13}^H$$

Тогда

$$M_3 = -M_1 u_{13}^H \quad (6)$$

где u_{13}^H имеет место только при неподвижном водиле H .

Из уравнения (6) видно, что момент на любом нагруженном звене 3 дифференциальной передачи с двумя степенями свободы определяется как произведение момента M_A на ведущем вале на передаточное отношение от него к данному звену при остановленном вале H со знаком минус.

-
1. Артоболевский И.И. Теория механизмов и машин. М., «Гостехиздат», 1951
 2. Пронин Б.А. Некоторые вопросы расчета и конструирования вариаторов. В сб. «Передачи в машиностроении». -М., Машгиз, 1951.
 3. Беступенчатая передача Жунибекова П.Ж. с кинематической цепью управления Отчет ОНИР /КазСХИ; Руководитель П.Ж.Жунибеков. -Алматы, 1995, -N ГР0194РК01289; Инв. N0294РК00151. - 55 с.
 4. Регулируемая передача Жунибекова П. А.С.СССР N1788365 кл. F 16 H 3/44, патент РК N 647.

В этой статье рассматривается определения степь свободы и передаточное отношения дифференциального механизма.

Бұл мақалада дифференциалды механизмнің еркіндік дәрежесін және беріліс қатынасын анықтау жолдары келтірілген.

In this article degree of freedom and transfer relations of the differential mechanism is considered definitions.

ӘОЖ 631.3:62

АУЫЛ ШАРАУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ДАМУ ТУ БАҒЫТТАРЫ

DIRECTIONS DEVELOPMENT TECHNICAL BASE RURAL ECONOMY

Сүйеубаев Ж
Zh. Suyeubaev

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Мақалада негізінен машина-тракторлар паркін жаңарту, техникалық қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін ауылшаруашылық машиналарының түрлері мен үлгілерін таңдау мәселелері қарастырылған. Инвестиция тарту, машина жасау саласын мемлекеттік қолдау, техникалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, лизингтік операциялар жәрдемімен жолға қойылуы айтылған.

Кез келген материалдық өндірістің негізін механикалық құралдар қалайды. Өндірістік үдерістерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыру үшін қолданылатын өндірістік-техникалық құралдар жиынтығы мен оларды жөндеу, техникалық қызмет көрсету өндірістің техникалық базасын құрайды.

Ғылыми-техникалық ілгерілеудің дамуына байланысты техникалық база өндіріске, еңбек өнімділігін, өнім өндіру шығындарын үнемдеуді қамтамасыз ететін қазіргі

заманға сай өнімділігі жоғары машиналарды өндіріске енгізу негізінде ұдайы жетілдіріліп отыруы тиіс.

Ауылшаруашылық өндірісінде техникалық база ерекше рөл атқарады, онда әртүрлі өндірістік үдерістер қатаң түрде белгілі бір мерзім ішінде орындалуы қажет. Сондықтан да техникалық еңбек құралдарының құрамы қолданыстағы технология мен технологиялық үдерістерді орындаудың агротехникалық талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Ауыл шаруашылығының техникалық базасы халық шаруашылығының басқа да техникалық базаларынан техникалық еңбек құралдарының атқаратын міндетімен және құрамымен ерекшеленеді. Біріншіден, бұл саланың өзіне тән ерекшелігіне - өндірістің табиғи-биологиялық үдерістерді пайдалануына байланысты. Бұл жерде топырақты өңдеуге, ауылшаруашылық дақылдарын өсіру мен мал өсіруші фермаларға арналған машиналар мен механизмдердің саны басым болады.

Екінші жағынан, ауыл шаруашылығы өзінің қайтарымы аз және капитал айналымының ұзақтығы салдарынан инвестициялау үшін қызығушылық тудыра қоймайтын сала болып есептеледі. Сондықтан да техникалық базаны қалыптастыру мен дамыту баяу және көбінесе шаруашылықпен айналысатын субъектілердің өз қаржылары есебінен жүреді.

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығының техникалық базасы барлық жағынан тозығы жетті және ол едәуір инновациялық жаңартуды қажет етеді. Ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігі, еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігі оның техникалық базасының жай-күйіне тікелей тәуелді.

Біз көтеріп отырған мәселелер көптеген шетелдік зерттеушілермен қатар Қазақстан ғалымдарының еңбектерінде (Абуов Қ.Қ., Аюлов А.М., Еспаев С.С., Есполов Т.И., Қорғасбаев Ж.Қ., Кубаев Қ.Е., Рүстембеков Б.Е. және т.б.) де көрініс тапқан.

Қазақстан экономикасының маңызды құрамдас бөлігі – агроөнеркәсіптік кешен, ол қоғам үшін өмірлік маңызға ие өнім өндіреді. Аграрлық саланың дамуы шешуші дәрежеде бүкіл экономикалық әлеуеттің жай-күйін, мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігі мен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды анықтайды. Ауыл шаруашылығы агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды буыны болып табылады, оның техникалық базасын дамытудың, әсіресе қазіргі нарық жағдайында, шешуші роль ойнайды. Сондықтан да Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында (28.01.2012 ж.) әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың он бағытын атап көрсетті. Соның ішіндегі Индустриялық-инновациялық даму және ауыл шаруашылығын дамыту (9,10 бағыттар) еліміздің техникалық базасын дамытуға бағытталған [1].

Елдің халық тұтынатын тауарларға сұранысы едәуір дәрежеде ауыл шаруашылығы есебінен қамтамасыз етіледі. Осы ретте азық-түлік өнімдеріне кететін шығындар орташа отбасындағы шығындардың жартысына жуығын құрайтынын айта кетуіміз керек [2].

Қазақстан ауыл шаруашылығының дамыған елдердің өндірушілерімен салыстырғанда, отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерді азық-түлік нарығында жағдайын нашарлататын бірқатар елеулі объективті және субъективті ерекшеліктері бар.

Ауыл шаруашылығының жай-күйі көбінше ауылшаруашылық техникасын, энергетикалық және басқа да қорларды сатып алу ауқымына тәуелді оның материалды-техникалық қамтамасыз етілуімен анықталады.

Ауылшаруашылық өндірісінің техникалық жаракталуының төмен деңгейі – оны тиімді дамытудың негізгі тежеуші факторы, ауылшаруашылық дақылдарын өсіру технологияларын нашарлауының, өнім сапасының төмендеуінің басты себебі болып табылады. Мемлекет отандық ауылшаруашылық машина жасауды дамытудан басқа,

ауылшаруашылық өндірушілеріне лизинг арқылы техника сатып алуды несиелендіруді ойластыруы керек. Бұл машина-тракторлық паркті орта есеппен 10% жаңартуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары агрокәсіпорындарды егістікті баптау, өңдеу, астық жинау және т.б. бойынша тиімді қызмет көрсетумен қамтамасыз ету үшін сервистік орталықтар мен МТС жүйесі құрылды. Көктемгі егін егу және астық жинау жұмыстарын ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен несиелендіру жұмыстары көзделген.

Техниканы тиімді қолдану үшін әрбір ауылшаруашылық ауданда қызмет көрсетуші кәсіпорындар құрылады. Олар негізгі функцияларымен қатар техникалық құралдар дайындаушы зауыттардың ресми делдалдарының функцияларын оырындап, техника сату және оған қызмет көрсету, маркетингтік және консалтингтік қызмет көрсетумен, нарыққа жаңа техника шығарумен, лизингтік операцияларды жүзеге асырумен айналысатын болады [3].

Бұрын жұмыс істеген тракторлық және ауылшаруашылық машина жасау кәсіпорындарының күш-қуатын жаңа технологиялық базада қайта қалпына келтіру қажет, бұл үшін отандық кәсіпорындарды шетелдік инвесторлармен кооперациялауды пайдалану керек. Сонымен қатар, лизинг, жеңілдігі бар несиелендіру, бюджеттік несиелер (ссуда) негізінде ауылшаруашылық тауар өндірушілерге тракторлар, ауылшаруашылық техникасын, жүк автокөліктерін жеткізуді елеулі түрде кеңейту қажет.

Техникалық базаны дамыту саласында техникалық-жөндеу кәсіпорындары, сервистік тұтынушы кооперативтер, машина-технологиялық станция және басқа да қызмет көрсету формалары желісін қамтитын нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыруды жеделдету керек.

Тұтынушының мүдделерін қанағаттандырып, техникаға бақылау жүргізуге және техникалық себептер бойынша оның жұмыссыз тоқтап қалу мерзімін қысқартуға мүмкіндік беретін сапалы жөндеуге көшу техникалық базаны дамыту бойынша түбегейлі іс-шаралардың бірі болып табылады.

Ауыл шаруашылығында меншік пен шаруашылық жүргізудің әртүрлі формаларының дамуына байланысты сервистік қызметті тұтынушылардың шеңбері едәуір кеңейді, олардың атаулары өзгерді. Шаруашылық жүргізудің нарықтық механизміне көшуде бастапқы ұжымның көп қырлы сипаты инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің перспективалық формаларын қалыптастыруда олардың экономикалық мүдделерін ескеруді талап етеді.

Агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) даму деңгейін анықтайтын ауыл шаруашылығының техникалық базасы көп жағдайда жеке бірліктердегі техниканың молдығына ғана емес, сондай-ақ ең алдымен оның ғылыми ауқымдылығына, құрылымындағы, үнемділігіндегі «ноу-хауды» қолдануға тәуелді. Үздік шетелдік аналогтарға сәйкес келетін техника жасау, энергияның жаңа көздерін игеру – қазіргі заманғы жағдайда ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары деп қарастырылады.

Қазіргі жағдайда техниканың қайталама нарығын дамытудың маңызы зор. Әлемнің барлық дамыған елдерінде фермерлердің механикаландырылған жұмысының жартысынан көбісін 7 жылдан аса пайдаланылған машиналар атқарады. Жаңа техниканы негізінен экономикалық мықты, ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары сатып алады, олар 3-5 жыл қолданған соң, оны делдалдық желі арқылы техникамен аз қамтылған қожалықтарға сатады. Осы орайда ұсталған машиналарды сатудан бұрын сапалы қызмет көрсету мен жөндеуден өткізеді [4].

Ю.Ф. Лачуганың анықтағанындай, ауыл шаруашылығының техникалық дамуы мен жеделдетілген кеңейтілген ұдайы өндірісін жүзеге асыру үшін бірқатар шарттарды орындау қажет. Олардың ішінде:

- жаңа буын, өнімділігі жоғары, сенімді техникасын жасау және сәйкес машиналар паркін қалыптастыру;
- агроөндірушілердің техниканы қолданудағы тиімділігі жоғары жүйесін игеруі;
- ауылшаруашылық тауар өндірушілерді ынталандыратын техникалық инфрақұрылым қалыптастыру;
- әртүрлі сервисті дамыту;
- ұлттық машина жасау кешенін жаңарту, оны халықаралық ауылшаруашылық машина жасау жүйесіне біріктіру [5].

Ұсталған ауылшаруашылық машиналар нарығы Батыс елдерінде жақсы дамыған. Мәселен, Германияда жыл сайын 65-75 мың ұсталған ауылшаруашылық тракторы және 23-24 мың ғана жаңа трактор сатылады, яғни бір сатылған жаңа тракторға немесе комбайнға үш-төрт ұсталған техника тең келеді. Сонымен қоса, механикаландырылған жұмыстың жартысынан көбін фермерлік қожалықтар қайталама нарықтан сатып алынған техникамен орындайды. Экономикасы дамыған елдерде ауылшаруашылық техниканың қайталама нарығының тез дамуы бірнеше негізгі себептерге байланысты. Бір жағынан, фермерлік қожалықтардың жоғары техникалық жабдықталуына байланысты тракторлар, комбайндар, басқа да күрделі машиналарды жыл бойы пайдалану қарқыны (жалдық жүктеме) біздегіге қарағанда көп емес. Мысалы, Германияда трактордың орташа жылдық жүктемесі 400-600 с., дән жинайтын комбайнның жүктемесі - 50-60 га құрайды, ал бізде реформаға дейінгі кезеңде ол 1200-1500 с. және 120-140 га тең болатын. Бізде трактордың жылдық жүктемесі АҚШ-қа қарағанда, 4-5 есе және Германияға қарағанда, 15-16 есе жоғары. Дән жинайтын комбайнның маусымдық жүктемесі 4-5 есе жоғары.

Екінші жағынан, ұсталған және ескірген машинаны жаңа буын машинасына ауыстырғысы келетін фермерлер де аз емес, жұмысқа қабілетті күйдегі техниканы қолдетімді қалдық қорға сатып алғысы келетін фермерлер де бар.

Ұсталған техника нарығын дамытудың үшінші себебі – бұл машиналар үлгісінің өндірістен шығарылған ескі түрлеріне қосымша бөлшектің қайнар көзі болуы. Мұндай машиналар үшін жаңа қосымша бөлшектер шектеулі мөлшерде шығарылады және жоғары бағамен сатылады. Қалпына келтірілген тетіктің бағасы, мәселен, АҚШ-та өнеркәсіпте дайындалған жаңа тетік бағасының 70%-нан аспайды. Фермерлердің бұрын қолданылған жаңа тетік келтірілген тетіктерге сұранысы олардың бағасының төмендігімен және жалпы машинаның жұмыс іс теуінің жоғары деңгейімен түсіндіріледі.

Ауылшаруашылық техникасының қазіргі бағалары (негізінен импортталатын) мен пайдалану шығындары жоғары болғандығы соншалықты – шаруашылықтардың басым бөлігінің оны сатып алатын қаржысы жоқ.

Республикадағы ауыл шаруашылығына қарасты ауылшаруашылық техникасының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, мәселен, 1996 жылы жалпы құны 77 млрд. теңге тұратын түрлі атаудағы 250 мың машина қажет болды.

Егер 2010 жылға дейін моральдық тұрғыдан ескірген және тоқығы жеткен техниканың 80%-ы пайдаланудан шығарылатын болса, онда ауыл шаруашылығының машина-тракторлық паркін жаңартуға 10 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция керек.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілердің қажетті көлемде өз қаржысының тапшылығына байланысты болашақта лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз ету аграрлық секторды қаржыландырудың ең тиімді механизмдерінің бірі болып қалады.

Лизингтік операциялар – жалға беру қатынастарының бір түрі. Лизинг дәстүрлі жалға беру немесе тұрмыстық прокатпен салыстырғанда ішкі, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметі бойынша күрделірек түрі болып табылады.

Жалға беру мерзімі біткен соң жақсы жұмыс істеген техниканы көбінесе жалға алушы өз меншігіне сатып алады.

Лизинг несиелендірудің бір формасы ретінде де бола алады. Ол материалды-техникалық құралдарды тұтыну бойынша ірі бір жолғы шығындарды уақыт бойынша бөлуге мүмкіндік береді, ал құрал-жабдықты пайдалану мүмкіндігі, оны сатуға дейін жұмыс істеуін тексеру апробацияланбаған техниканы игерудің экономикалық қатерін төмендетеді.

Лизинг екі түрге бөлінеді: тура және делдалдардың көмегімен алынатын лизинг. Тура лизингте дайындаушы кәсіпорын шығарылатын машиналарды, құрал-жабдықтарды тікелей тұтынушыларға жалға беруді ұйымдастырады.

Делдалдың көмегімен алынатын лизинг мамандандырылған кәсіпорын (лизингтік фирма, компания) арқылы дайындаушы мен соңғы тұтынушы арасындағы байланысты білдіреді.

Әлемдік тәжірибеде лизингтік операциялардың ауқымы күннен-күнге өсіп келеді және қарқыны бойынша дәстүрлі түрдегі инвестициялық салымдар көлемінің өсу қарқынынан озып кетеді.

Батыстың индустриалдық елдерінде лизинг үлесіне инвестициялық салымдардың жалпы сомасынан 15-30% тура келеді.

Келісім-шартқа сәйкес жалға алушы белгілі бір төлеммен қол астына техника алып, пайдалану құқығына ие болады. Осы ретте техниканың жұмыс істеу мерзімімен белгіленетін 3-тен 7 жылға дейін лизингтік мәміле жасалатындығын атап өту керек, ол негізінен техниканың нормативтік жұмыс мерзімінен 20-25% аз болады.

Өндіріс пен шаруашылық жүргізу құралдарына меншіктің әртүрлі формаларының қалыптасуы мен жұмыс істеуі нарықтық экономиканың маңызды талаптары мен шарттарының бірі болып табылады. Меншік – инвестициялардың нарықтық механизмінің экономикалық негізі.

Өндіріс құралдарына меншік ауылшаруашылық кәсіпорындарда өндірістік және үлестіруші қатынастарды қалыптастырады. Сондықтан да осы мәселені елемеу еңбек ұжымдарын меншіктен алшақтауға әкеліп соғады.

Инвестициялардың экономикалық механизмі ұдайы өндіріске байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды. Нарықтық экономика жағдайында кеңейтілген ұдайы өндіріс жекелеген ауылдық тауар өндірушілер деңгейінде, сондай-ақ ауыл шаруашылығының бүкіл саласы бойынша негізінен меншіктік жинақ пен несие есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік реттеу функциялары негізгі құралдардың ұдайы өндіру үдерісіне міндетті түрде қатысуы керек. Әрине, нарықтық қатынастар капиталдың құбылымы арқылы, бірақ та жанама түрде инвестициялардың ең тиімді бағыттарын анықтайтын болады. Бұл жерде нарықтың дағдымен істелетін әрекетіне сенудің керегі жоқ. Осы үдерісті мемлекеттік реттеу талап етіледі.

Нарықтық жағдайда мемлекет инвестициялық салымдарды реттеуде ұйымдастырушылық, ынталандыру ролін, көбінесе жалпы мемлекеттік ең маңызды нысандарда инвестор ролін өзіне алуы тиіс.

Негізгі құралдарды ұдайы өндіру үдіресін экономикалық реттеушілер: бұл, ең алдымен, біртұтас салық жүйесі, амортизациялық аударымдар және несие саясаты. Дәл осы экономикалық реттеушілер кәсіпорындарды өз инвестициялық қызметін мемлекеттің экономикалық саясатына сәйкес жүзеге асыруға ынталандырады.

Ұдайы өндірістің пропорциясына ықпал ету әдістері үш бағытта бола алады: несие-ақшалай, салықтық және бюджеттік. Олардың барлығы кәсіпорынның жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Инвестициялық салымдарды ынталандыру едәуір дәрежеде амортизациядан өтуі тиіс. Амортизациялық саясат ұдайы өндіріс үдерісін қамтамасыз етуде маңызды фактор болып табылады. Мемлекет осы арналар бойынша халық шаруашылығының салалық және аймақтық құрылымдарына, жекелеген кәсіпорындар әлеуетінің дамуына әсер етеді. Өз кезегінде негізгі құралдар мен оларды қолдану меншік иесінің шаруашылық дербестігінің материалдық негізі болып саналады.

Қазіргі кезеңде негізгі құралдардың ұдайы өндіру үдерісінің ерекшеліктері бар. Олар техникалық-экономикалық факторлардың төмендегідей үш тобының әрекет нәтижесі:

-өткен кезеңдерде негізгі құралдардың ұдайы өндірісі сипатынан туындайтын негізгі құралдарының техникалық жай-күйі;

-әрбір осы кезеңде ғылыми-техникалық ілгерілеу сипаты мен оның негізгі құралдардың ұдайы өндірісіне әсер етуі;

-инвестициялық салымдардың қаржы көздерін қалыптастыру мен пайдаланудың экономикалық жағдайы.

Сондықтан да ауыл шаруашылығында техниканы жаңартуды түбегейлі жақсартусыз нарықтық қатынастарға, өндірістік әлеуеттің жаңа жағдайына табысты көшу, еңбек өнімділігін арттыруға қол жеткізу мүмкін емес.

АӨК-нің машина жасау мен аграрлық секторларында өзара байланысты ұдайы өндірісті оларды дамытудың сілкіністі түрі негізінде стратегиялық қамсыздандырудың жоғарыда атап өтілген тәсілі инновациялық үдерістің барлық: «жасау - өндіру – көпшілікке тарату – техникалық жаңалықтарды тиімді пайдалануды игеру» тізбегін тікелей мақсатты түрде ұйымдастыруды білдіреді. Осы үдерістің бір буынында бір тізбектің болмауы оның шарасыз құлдырауына әкеледі.

Өз кезегінде, ауыл шаруашылығын техникалық қайта жарактауды қамтамасыз ету кезінде инновациялық стратегияны жүзеге асыруда табысқа жету үшін мемлекеттің белсенді араласуы арқылы ғана қол жеткізу мүмкін. Бұған әлемдік тәжірибе мен қатар елді индустрияландырудың отандық тәжірибесі де куә бола алады.

АӨК машина жасау мен аграрлық секторындағы өзара байланысты ұдайы өндіріс үдерісін мемлекеттік басқаруды, соның ішінде оған қаржылай қолдау көрсетуді инновациялық үдеріс кезеңдері бойынша жіктеу қажет. Осы ретте олар төрт негізгі кезеңге бөлінеді:

- жаңа технология, техника мен машиналар жүйесінің жаңа түрлерін (ғылыми-зерттеу, жобалау-технологиялық және конструкторлық мекемелер) әзірлеу;

- жаңа технологияға сәйкес келетін (АӨК машина жасау кәсіпорындары) техника мен машиналар жүйесінің жаңа түрлерін коммерциялық өндіру;

- жаңа технологияларды (диффузия), техника мен машиналар жүйесінің жаңа түрлерін (лизингтік компаниялар, машина-технологиялық станциялар, дайындаушы зауыттардың делдалдық желісі, ғылыми-өндірістік және өндірістік жүйелер және т.б.) жаппай тарату;

- жаңа технологияларды және техника мен машиналар жүйесінің жаңа түрлерін қолдану (меншік пен шаруашылық жүргізудің түрлі пішініндегі ауылшаруашылық кәсіпорындар, фермерлік қожалықтар).

Сілкіністі үлгідегі инновациялық стратегияны таңдай отырып, экономиканың осы саласындағы мемлекеттік қолдау көрсету мен бюджеттік қаржыландырудағы басымдықтарды өзгерту керек. Инновациялық үдерістің барлық кезеңдерінде – ауыл

шаруашылығында оларды пайдаланудың жаңалықтарын жасаудан бастап ұйымдастыруға дейін мемлекеттік қолдау көрсетілуі тиіс.

Осы ретте мемлекеттік қолдау, біздің пікірімізше, келесідей тәртіпте жіктелуі тиіс. ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру жаңалықтар әзірлеу кезеңінде республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылуы тиіс, өйткені ғылыми-техникалық ілгерілеудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету мемлекеттің басты қызметінің бірі болып есептеледі. Сонымен бірге, АӨК-нің машина жасау кәсіпорындары жеке меншікте болғандықтан, олардың да техникалық жаңалықтар әзірлеуді қаржыландыруға елеулі түрде атсалысуы қажет.

Сонымен, біз ауылшаруашылығының техникалық базасын дамытуды АӨК-і негізінде қарастырдық. Оны дамытуды жекелеген кооперативтер, шаруа (фермерлік) қожалықтары немесе нақты бір ауыл шаруашылығы бағытындағы экономикалық аймақ негізінде де сипаттауға болады. Ол үшін арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс деген ұсыныс айтамыз.

Қазіргі заманғы жағдайда техникалық еңбек құралдары кез келген материалдық өндірістің негізін құрайды. Түгінгі таңда өндірісті машина мен механизмдерді қолданусыз елестету мүмкін емес.

Өндірістік үдерістерді механикаландыру мен автоматтандыру үшін қолданылатын машиналар мен механизмдердің жиынтығы олардың жұмысқа қабілеттігін қамтамасыз ету құралдарымен бірге ауыл шаруашылығының техникалық базасын құрайды.

Ауыл шаруашылығының техникалық базасы экономиканың басқа да салаларының техникалық базаларынан ауылшаруашылық өндірістің ерекшеліктеріне байланысты техникалық еңбек құралдарының құрамымен және міндетімен айрықшалаынады. Оның техникалық базасын қалыптастыру мен дамытуды осы ерекшеліктерді техникалық еңбек құралдарының қолданылу тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ескеру қажет.

Зерттеушілеріміздің анықтағандай, соңғы онжылдықта машина-тракторлық паркi 60% қысқарған, 76% жуық машина өз амартизаторлық мерзімін өтеген. Жыл сайын 0,8% трактор, 3,2% астық жинайтын комбайн ғана жаңарады. Бір трактор мен бір астық жинайтын комбайнға жүктеме өсіп келеді. Осының салдарынан ауылшаруашылық дақылдары жеңілдетілген технология бойынша өсіріледі, егін жұмыстарының агротехникалық мерзімдері бұзылады, нәтижесінде бұл астық өнімділігінің төмендеуіне, өндірілетін өнімнің өзіндік құнының өсуіне әкеледі.

1. Элеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Айқын, 28 қаңтар, 2012 ж.

2. Сельское, лесное и рыбное хозяйство Казахстана: Статистический сборник/ Агентство Республики Казахстан по статистике.- 2007.-184 с.

3. Аналитическая информация о состоянии развития агропромышленного комплекса и сельских территорий.-Астана, 2007.

4. Горизонты аграрного комплекса // Казахстанская правда.- 06.03.2007 г.

5. Нурмаганбетов К.Р. Конкурентоспособность страны и аграрная политика Казахстана. Основные направления и механизмы реализации Стратегии устойчивого развития национальной экономики: труды международной научно-практической конференции.- Кокшетау, 2007.- С3.

Ауыл шаруашылығының техникалық базасын қалыптастыру және дамыту оның өнімділігін артырудың негізі болып саналады. Мақалада техникалық базаны дамытудың негізгі бағыттары қарастырылған.

Формирования и развития технической базы сельского хозяйства является основой повышения его производительности. В статье рассмотрены основные направления развития технической базы сельского хозяйства.

Forming and development of technical base of agriculture is basis of increase of his productivity. In the article the basic are considered development of technical base of agriculture.

ӘОЖ 631:633.1

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТҰҚЫМДАРЫН ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫМЕН ЖИНАУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

POSSIBILITIES HARVESTING NEW PUTTING GENERATIONS (PASTURE) VEGETATION

**Тойлыбаев М. С., Нүсіпжанов Н. С.
M. S.Toilybaev, N. S. Nussipzhanov**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Қазақстан Республикасындағы пайдаланылатын табиғи жемдік шөп жерлері 180 млн га астам ауданын құрайды, ол мал азығының арзан жемін береді де, малшаруашылығы өнімінің маңызды үлес салмағына ие болады. Бірақ, жайлымдықтардың құрғақшылығы мен тиімді пайдаланбауынан, қажетті күтімнің болмауы және қолданылатын жерлердің жақсартылмауынан, өнімнің төмен болуына байланысты, жемдік қорлардың шектелуі байқалады. Қуаңшылық жайылымдықтарының өнімділігін арттырудың негізгі тәсілі, олардың құнарлылығын жақсарту болып табылады, сонымен бірге олардың орнына тұқым себілген жайылымдықтар мен жайылымдарға жергілікті жағдайларға бейімделген, бағалы жемдік шөптердің тұқымын қосымша, үстемелеп егу жолымен жасау керек.

Пайдаланылмайтын және жақсартылған жайылымдар жасауға байланысты, тұқым өсіруге, әсіресе, жиып алынған және жиып алынғаннан кейінгі тұқымдық дәндерді өңдеуге аса үлкен көңіл бөлу қажет.

Комбайнның астық бастырғыш аппаратын пайдаланған кезде, шөптің сабақтары майдаланады да, ал тұқымдары зақымдалатыны белгілі, одан алынатын дәндер құрамының сапасы төмендейді. Тұқымдар механикалық зақымданулар алады да, соның салдарынан жақсы өскін бермейді. Майда қоқысты қоспалардың үлкен мөлшерде болуы, тұқымдарды жинастырғаннан кейінгі өңдеу кезінде, үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан жайылымдық шөптердің жемдік қоймаларын одан әрі кеңейтудегі маңызды мәселе, тұқымдардың сапалы жинастырылуының дәрежесіне байланысты болады.

Бірінші дәрежедегі мақсат, жайылымдық шөптердің жоғарғы және кепілденген өнімін алу үшін, жинау технологиясын дамыту және аса жетілдірілген жинау машиналарын жасау болып тұр, бұлар тұқымдық дәндердің, оны ең аз шығынмен және жоғары сапасының сақталуымен жинауға мүмкіндік туғызар еді[1].

Дала алқаптары және оның аймақтық топырақтары үшін, негізгі тұқымдастар: көген тамырсыз бидайық, бидайық, эспарцет, көк және сары гүлді жоңышқа және олардың басқа шөптермен аралас түрлері жатады. Ал, даланың сортаң алқаптарына, мына түрлері ұсынылады: ақ және сары гүлді түйе жоңышқа, оттық шөп, еркекшөп. Даланың аңызак және құрғақ алқаптары үшін: масақты еркекшөп түрлері, шалғындық атқонақ, ақ және сары гүлді түйе жоңышқа, жоңышқа, құмдақ жердегі эспарцет ұсынылады.

Жер бедері төмен, сумен қамтамасыз етілген учаскілер мен қызғылт топырақты шабындық жерлер үшін: жалбыз, көген тамырсыз бидайық пен сұр бидайық ұсынылады. Жартылай шөлді аймақтардың қатаң климаттық жағдайларында, жоғары өнім беретін сопақша масақты еркекшөп пен шалғындық атқонақ бейімделген. Сонымен бірге бұл көк және сары гүлді жоңышқаға, құмдауыттық эспарцетке, сары және ақ гүлді түйежоңышқаға, изенге қолайлы. Жамбыл және Алматы облыстарында, жер құнарлылығын арттыру үшін еркекшөпті, жетісу жоңышқасын, комфоросманы, ұсынады. Республикамыздың таулы аудандарында топырақ құнарлылығын арттырудағы жемдікшөп түрлеріне: тамыр көгенсіз бидайық, шабындық бетегесі, эспарцет, жоңышқа, беде, жалбыз және басқа шабындық тұқымдастары жатады.

Тұрақты жайылымдық шаруашылық құру, пішендік жерлерді ұтымды, әрі тиімді пайдаланумен бірге, көптеген жағдайларда жемдік шөптердің тұқым өсіру шаруашылығының жүйелеріне тікелей байланысты болады. Қазақстанның өсімдік жамылғысы, жемдік шөптерді пайдалануда күрделі де, әрі біркелкі емес. Бұл әртүрлі табиғи жағдайларға байланысты. Мысалы: қуаңшылық алқаптардың негізгі жайылымдық массивтеріндегі, күрделі мәселе, жердің тозған аудандарын қалпына келтіру болып отыр.

Қазіргі кезде жайылымдықтардың құнарлылығын арттыруда ғалымдардың 20-дан астам ұсынған өсімдік түрлері бар. Жоғарыда көрсетілгендей, дақыл түрлілігі, жоспарланған жемдік шөптердің пайдаланымындағы жерлердің аудандарын жақсарту мен бірге шөптерді егетін аудандарындағы тұқымдық дақылдардың, тұқымдарының мұқтаждығына байланысты болады.

Шөптерді егу барысында, алқаптың ерекшеліктеріне байланысты, мақсатқа сай тұқымдастарды жақсарту қатынастарымен бірге, себудің қабылданған өз нормалары бар:

бұршақ тұқымдастары – 13...17 кг/га,
шабындық астық тұқымдастары – 14...17 кг/га,
дала астық тұқымдастары – 10...15 кг/га,
жабайы жемдік өсімдіктер – 10...12 кг/га.

Қазіргі уақытта жайылымдардың жер құнарлылығын жақсартуға көк және сары гүлді жоңышқаны, құмдауыт эспарцетін, ақ және сары гүлді түйе жоңышқаны, атқонақты, жіңішке және жуан масақты еркекшөпті, изенді, теріскенді, кейреуікті, комфоросманы, сексеулді сонымен бірге осы жемдік шөптердің аралас түрлерін пайдаланады. Солтүстіктің жартылай шөлді (аймақтарында) далаларына жоңышқа мен эспарцетті себу керек. Ал, оңтүстікте бұл жемдік шөптерге суармалы учаскелер таңдалып алынады.

Сортаң жерлерді игеруде түйе жоңышқа мен бидайық, өте қолайлы болып келеді. Шөлді жерлерге жіңішке масақты еркекшөпті, сонымен бірге жабайы өсетін жемдік шөптерден изенді, теріскенді, комфоросманы, кейреуікті, сексеулді себу керек.

Қуаңшылық аймақтардың жер құнарлылығын жақсартудың әдістерін кең көлемде енгізуде, көптеген мөлшерде болашағы бар жемдік шөптердің тұқымдары қажет. Бұл салада табиғи жағдайда өскен шөптерден алынған тұқымдар, жайылымдықтардағы жемдік шөптердің жоғары өнімді, құнды дәндерін алу мақсатына сай келмейді.

Табиғи жайлымдардағы жемдік шөптерден алынған тұқымдар дәндерінің қиқымы өте көп, сапасы төмен болуымен қатар, тұқымының өну мерзімі созылмалы өтеді. Осыған байланысты, қуаңшылық жерлерде өсетін, жемдік шөптерден тұқымдық дәндерді алу шаруашылығын ұйымдастырғанда ғана, мақсатымызға сай келетін, төзімділігі жоғары, сапалы өнім беретін дәндер алуға мүмкіншілік туады. Жайылымдық жерлердің құнарлылығын арттыруда, жемдікшөп егуден көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқанына қарамастан, алынатын масштабтары әлі де болса, мардымсыз болып отыр. Жыл сайын республикамызда міндетті түрде 1,0 млн га шөлді және жартылай шөлді жайлымдарды жақсарту қажет. Бұны барлық технология процестерін кешенелі механикаландырумен бірге, жайылымдық жемдік шөптердің тұқымдарын жоғарғы сапада дайындаған кезде ғана орындауға болады.

Астық жинау машиналарынан Ресейдің «Енисей» және СК-5М «Нива» комбайндарына жаңа қондырғылар орналастыра отырып, оның тұқым жинау кезінде, тұқым өнімділігіне, сапасына оң әсерін тигізуі және айтарлықтай шығын жасауға жол бермеуі анықталды. Жайылымдық шөптердің тұқымын комбайнмен орып-бастыру кезінде болатын шығындарды азайту мақсатында, жетілдірілген көлбеу тасымалдаушымен жабдықтап, тұқымды бастырудың технологиялық схемасын өзгерту арқылы, шығынды азайтудың жаңа шешімдері мен әдістері ұсынылуда.

Болашағы зор зерттеу бағыттарының бірі, шөптің тұқымын жинап бастыратын комбайнның жұмыс тетіктерінің көрсеткіштерін жақсарту болып отыр. Бұны астық бастыратын комбайнға орналастырылған жаңа қондырғының жұмыс тетіктерінің оптималды жұмысын айқындау және параметрлерінің негізгі көрсеткіштері мен тиімділігін жақсарту нәтижесінде қол жеткізуге болады [2].

1. Батыршин А.Г. Механизация работ по улучшению лугов и пастбищ. -Алматы, 1972

2. Садыков Ж.С. Новые технологии и машины для уборки семенных посевов сельскохозяйственных культур. КазНИИ НКИ, -Алма-Ата 1992.

Жайылымдық өсімдіктердің тұқымын жаңа қондырғымен сапалы жинаудың мүмкіншілікті бағытының бірі – тұқым жинау комбайндарының кейбір құрылғыларын жетілдіру болып табылады.

Одним из перспективных направлений уборки качественных семян пастбищных растений является совершенствования отдельных устройств семяуборочных комбайнов.

In the paper are described a situation of agricultural engineering of our republic, and the paths of escaping of a crisis condition are given by usage innovations.

ШЫНЖЫР ТАБАНДЫ МАШИНАЛАРДЫҢ ТЕРБЕЛІСІН ЗЕРТХАНАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

METHODS OF LABORATORY RESEARCH OSCILLATION
OF CATERPILLAR MACHINES

Черикбаев Р. Қ.
R. K. Sherikbaev

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Шынжыр табанды машиналардың динамикалық сипаттамаларына талдау жасау үшін, міндетті түрде сол сипаттамаларының тәжірибелік мәндерін анықтау қажет [1,2].

Ал, агрегаттың динамикалық сипаттамалары зертханалық және далалық тәжірибемен анықталатыны белгілі. Зертханалық тәжірибе кезінде бір тербеліс немесе синусоидалық ырғақты тербелістер түріндегі жасанды ауытқулар жасалынады.

Зертханалық зерттеу жүргізу процесі барысында массаны, ауырлық центрінің координаталарын, подрессорлық және подрессорлық емес массалар инерция моменттерін, жүріс бөлігіндегі серіппе қатаңдығы мәндерін анықтайды. Бұл берілгендерді анықтап алып, тербелісті сипаттайтын негізгі параметрлер: подрессорлық масса коэффициентін (μ_m), қарастырылған массаның ауырлық центрінен өтетін горизонталь - көлденең оске қатысты инерциясы радиусын (ρ) және подрессорлық массаның таралу коэффициентін (ε) анықтауға болады.

Зертханалық зерттеулерде қолданылатын инерция моменттерін анықтау әдісі маятник тербелісінің белгілі қағидаларына негізделеді. Шарнирлі ілінген массаның еркін тербеліс периоды, оның іліну осіне қатысты инерция моментінен тәуелді болады.

Шынжыр табанды бульдозердің инерция моментін анықтауда бұл әдіс былай пайдаланылады. Трактордың жетекші жұлдызшаларының осіне үйкелісті азайтатын шарикті подшипник 2 орнатылып, тірекке 1 қойылады. Трактордың алдыңғы бруссы кронштейн 3 арқылы қатаңдығы белгілі цилиндрлік шиыршықты серіппеге 4 орнатылады. Орнатып болғаннан кейін, трактордың алдыңғы бөлігін домкраттың немесе тельфердің көмегімен қажетті биіктікке көтеріп, тез түсіріп жібереді, нәтижесінде трактор, жетекші жұлдызшалар осіне қатысты еркін тербеліс жасай бастайды. Тербеліс сызықтық орын ауыстыруды тіркейтін сезгінің 5 көмегімен жазылады. Алынған диаграмма бойынша тербелістің бір периодының орташа мәнін T анықтайды.

Трактордың тербелу осіне қатысты инерция моментін келесі өрнекпен анықтайды:

$$J = 0,25 cL_0^2T^2, \text{ кг*м}^2 \quad (1)$$

мұндағы: c – тірек серіппесінің қатаңдық коэффициенті, Н/м;

L_0 - тербеліс осінен серіппе осіне дейінгі ара қашықтық, м.


Ауырлық центрінен өтетін горизонталь - көлденең оске қатысты трактордың инерция моменті:

$$J_{a.u} = J - mR^2 \quad (2)$$

мұндағы: m – трактордың массасы, кг;

R - жетекші жұлдызшалар осінен оған параллель трактордың ауырлық центрінен өтетін оске дейінгі ара қашықтық, м.

Зерттеу барысында қажет болатын, өлшеніп алынған жердің беткі қабатының тегіс емес ой-қыры кездейсоқ процесс болғандықтан, шынжыр табанды машина тұғырының еріксіз күрделі тербеліс процестері де кездейсоқ процесс болып табылады. Олардың нәтижелеріне сараптама жасау үшін шынайы статистикалық сипаттамаларын алу қажет болады. Оны кездейсоқ шамалар мен кездейсоқ процестер жүйелері теориясын пайдалану жолымен есептеуге болады.



1 – тірек, 2 – тербеліс өсі, 3 – кронштейн, 4 – серіппе, 5 – тербелісті тіркейтін сымсызғыш.

1-сурет. Шынжыр табанды машиналардың еркін тербелісі мәндерін анықтайтын зертханалық қондырғының сұлбасы.

Жер бетінің тегіс еместігінің өзгеруі топырақтың құрамы мен ылғалдылығына, беткі қабатының әр түрлі шамадағы тығыздылығына байланысты әр түрлі болады. Бұл оның тығыздығы мен кеуектілігінің біркелкі еместігімен түсіндіріледі [1]. Тығыздығы төмен топырақ көп отырады және керісінше. Нәтижесінде жер беті тегіс еместігі ой-қырының орташа мәні ұлғаяды.

